

**Абельдинов Адай Кунанбаевич «6D041600 – Өнертану» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму
перспективалары» тақырыбында жазылған
докторлық диссертацияға
кеңесші пікірі**

Абельдинов Адай Кунанбаевичтің «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму перспективалары» атты диссертациялық зерттеуде қазақ анимациясының қазіргі заманғы жағдайы, анимациялық мектептердің ерекшеліктері, даму перспективалары қарастырады. Зерттеліп отырған тақырып өзекті, әрі тың ойларды ұсынумен құнды болып табылады. Заманауи қазақ анимациясы аз зерттелген тақырыптардың бірі. Бүгінгі таңда анимация өнері қарқын алып дамып келе жатқан сала және жан-жақты терең зерттеуді талап етеді.

Адай Құнанбайұлы – жоғары кәсіби деңгейдегі шығармашыл маман, әрі жауапты докторант. Ол өзінің ғылыми жұмысына терең жауапкершілікпен қарап, ізденімпаздық қасиетімен ерекшеленеді. Докторантура бағдарламасына қабылданған сәттен бастап Адай ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді араласып, өзін жан-жақты дамыған және мақсаткер зерттеуші ретінде көрсете білді.

Адайдың ерекше қабілеттерінің бірі – шығармашылық көзқарасты ғылыми талдау мен жүйелі зерттеумен шебер үйлестіруі. Ол қазақ анимациясының қазіргі даму мәселелерін әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып, ұлттық өнерді жаңғырту мен оның болашағына қатысты терең ғылыми негізделген тұжырымдар ұсынуда. Докторанттың зерттеу жұмыстары ұлттық бірегейлікті сақтауды көздейтін жаңа әдіснамалық тәсілдерге негізделген.

Диссертант аталған зерттеу жұмысын кездейсоқ алмағанын айта кеткеніміз жөн. Адай Абельдинов Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және ТВ» факультетінде болашақ режиссер-аниматорларға білім беріп, жетекшілік етуде. Сондай-ақ, диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылатын білім беру бағдарламасына енгізілу қажет өзгерістерді практикалық негізге сүйене отырып жасалғанын баса айтуымыз керек.

А. Абельдинов 2012 жылы «Аңшы» қысқаметрлі мультфильмі үшін Отандық «Дарын» сыйлығының лауреаты атанған болатын. «Аңшы» анимациялық фильмі режиссерлік стиль, шығармашылық өзгешелік жағынан қазақ анимация өнеріне жаңа серпін әкелгені белгілі және кинотанушылар мен көрермен тарапынан жоғарғы бағаға ие болды. Бүгінгі таңда, «Қазақфильм» жанындағы «Қазақ анимация» шығармашылық орталығында көркемдік жетекші ретінде қызмет атқарады. Қазіргі қазақ анимация өнерін жаңа деңгейге көтеру үшін едәуір еңбек етіп жатқанын ескере отырып, диссертацияда қозғалатын «шығармашылық мектеп», «кәсіби мектеп» терминін жақсы түсінетінін және кәсіби тұрғыда білікті маман екенін білеміз.

Ғылыми жұмысына қатысты Адай өзінің дереккөздерді мұқият зерттеуімен, материалдарды жүйелеудегі ұқыптылығымен және өз пікірін ғылыми тұрғыдан дәлелдей білу қабілетімен ерекшеленеді.

Автор зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтап, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейді. Қазақ анимациясының қазіргі заманғы жағдайы мен оның әлемдік анимациялық мектептермен байланысын қарастырған. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы қазақ анимациясын әлемдік деңгейге жеткізудің инновациялық жолдарын ұсынуымен ерекшеленеді. Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерін креативті тәсілдер арқылы шешу ғылыми және практикалық тұрғыдан аса маңызды. Бұл зерттеу ұлттық мәдениеттің халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді.

Диссертацияның қорытынды бөлімінде автор зерттеу нәтижелерін түйіндеп, қазақ анимациясының даму перспективаларын нақтылайды.

Абельдинов Адай Кунанбаевичтің диссертациясы қазақ анимациясының әлемдік деңгейдегі даму мүмкіндіктерін тереңінен талдайды. Зерттеу нәтижелері қазақ анимациясының кәсіби мектебін дамытуға арналған жаңа жолдар мен әдістерді ұсынады. Бұл диссертацияның ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары бағаланады.

Абельдинов Адай Кунанбаевичтің «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму перспективалары» атты диссертациясы жоғары ғылыми деңгейде орындалған және өнертану саласындағы маңызды зерттеу болып табылады. Бұл жұмыс ғылыми дәрежеге қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді және автордың философия докторы (PhD) дәрежесін алуына лайық деп санаймын.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды негізге ала отырып, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Абельдинов Адай Кунанбаевичтің «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық өнерінің даму перспективалары» атты тақырыпта жазылған докторлық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған және өнертану саласындағы маңызды зерттеу болып табылады. Бұл жұмыс ғылыми дәрежеге қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді және автордың философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ашық қорғауға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

PhD докторы,
Темірбек Жүргенов
атындағы ҚазҰӨА
«Кино тарихы мен теориясы»
кафедрасының доценті

